22195703551

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 5 қаңтар 5265-24-00-2/3779 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Сейтжанұлы,
сот отырысының хатшысы Б.Ә.Тасманның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«QazProm Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыппұлды өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі М.К.Ережепов

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 4 маусымда тараптар арасында 14 933 332,96 (он төрт миллион тоғыз жүз отыз үш мың үш жүз отыз екі) теңге 96 тиынға машина бөлмесі жоқ жолаушылар лифтін жеткізу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы №281 шарты жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарт бойынша тауарларды жеткізу келісім- шартқа қол қойылған күннен бастап 70 күннің ішінде жеткізу керек еді.

Алайда, жауапкердің тарапынан тауар белгіленген мерзімде жеткізілмеген.

Талап қоюшы жауапкер келісім шартты тиісті дәрежеде орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз

қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұлын өндіру туралы талап қою арызымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі М.К.Ережепов талапты қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот мәжілісінің орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғанымен жауапкер сотқа келмеген, өзінің келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламаған, сотқа талап қоюшының талабына қарсы дәлелдемелерді алып келмеген және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процессуалдық кодексінің (әрі қарай - АПК) 196-бабы 4-тармағына сай сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды мүмкін деп тапты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1-талап бойынша:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай - Заң) 12-бабының 4-тармағына 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісті дәрежеде орындамаған өнім берушілердің тізбесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттемелер міндеттеменің шартына және заң талаптарына сәйкес, тиісінше орындалуы тиіс.

Заңының 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сотта анықталғандай, тараптар арасында мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт түзіліп, келісім шартқа сай, жауапкер құны 14 933 332,96 теңгені құрайтын тауарды келісім шартқа қол қойылған күннен бастап 70 күннің ішінде талап қоюшыға жеткізіп беруге міндеттенген.

Іс құжаттарға сәйкес жауапкер Шарт бойынша белгілінген мерзімде аталған тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге Шартты бір жақты бұзуға веб-портал арқылы хабарлама, сонымен қатар Шартты бұзу жөнінде ескерту хабарлама жіберілген.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 08.01.2025
Дата вступления в законную силу: 11.02.2025, судья Сейтжанұлы С., 18.02.2025
5265-24-3-6/406

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау; осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Жауапкердің іс әрекеті жоғарыда аталған қағидаттарға сай емес, істің мұндай тұрғысында сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартта көзделген тауарды жеткізуден бас тартқан деген қорытындыға келді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

2-талап бойынша:

АК-нің 293-бабына сәйкес, тұрақсыздық (айыппұл) - заңнамамен, немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда, немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады.

Шарттың 7.3 тармағына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады).

Сондықтан сот жауапкерден талап қоюшының пайдасына тауар жеткізбегені үшін 29 күнге есептелген 433 066,70 теңге мөлшерінде тұрақсыздық өндірілуге жатады деп санайды (14 933,3х29).

АПК-нің 109-бабының 1-бөліміне сәйкес жауапкерден талап қоюшының пайдасына 12 992 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«QazProm Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 08.01.2025
Дата вступления в законную силу: 11.02.2025, судья Сейтжанұлы С., 18.02.2025
5265-24-3-6/406

«QazProm Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен талапкер Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 433 066,70 (төрт жүз отыз үш мың алпыс алты) теңге 70 тиын тұрақсыздық айыппұл және 12 992 (он екі мың тоғыз жүз тоқсан екі) теңге мемлекеттік баж төлеу бойынша сот шығыстары өндірілсін.

«QazProm Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ АПК-нің 403,404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Шымкент қалалық сотына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья **С.Сейтжанұлы**

Документ подписан: Сейтжанұлы С., 08.01.2025

Дата вступления в законную силу: 11.02.2025, судья Сейтжанұлы С., 18.02.2025

5265-24-3-6/406